ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

18 қыркүйек 2024 жыл іс № 3115-24-00-2/1808 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Абсатова
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Т.Рысқұлов ауданының Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Нұр - Асыл» Улан Сакенович Кадыркулов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Ә.Орал

ҚИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде «Т.Рысқұлов ауданының Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - талап қоюшы) жеке кәсіпкер «Нұр - Асыл» Улан Сакенович Кадыркулов (бұдан әрі - жауапкер) арасында 18 мамыр 2024 жылы №20 жалпы сомасы 2 227 680 теңге құрайтын аумақты жөндеу, абаттандыру бойынша жұмыстарды орындауға келісім-шарт жасалған.

Шарт бойынша міндеттемелер шартқа қол қойылғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылдың 19 маусым күні деп белгіленген, алайда жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, тек ішінара орындаған.

Талап қоюшы өз талап қоюында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі Ә.Орал талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, бірақ сотқа белгісіз себептермен келмеді, осыған байланысты сот жауапкердің келмеу себебін дәлелсіз деп танып, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196 бабының 4 тармағына сай қарады.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 24.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2024, судья Тажиева Г. М., 21.11.2024
3115-24-3-1/1922

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, тек қана ішінара орындаған, жауапкермен шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Сондықтан, талап қоюшының жауапкер жеке кәсіпкер «Нұр - Асыл» Улан Сакенович Кадыркуловты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Талап қоюшы «Т.Рысқұлов ауданының Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жеке кәсіпкер «Нұр - Асыл» Улан Сакенович Кадыркуловты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Нұр - Асыл» Улан Сакенович Кадыркулов мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Нұр - Асыл» Улан Сакенович Кадыркуловтан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 24 қыркүйек 2024 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 24.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2024, судья Тажиева Г. М., 21.11.2024